

**Әскери кафедраға оқуға түсу  
үшін кандидаттардың психологиялық онлайн тестілеуден өту тәртібі туралы  
НҰСҚАУЛЫҚ**

Құрметті кандидаттар!

Сіздерді күрделі сынақ күтіп тұр – сондықтан осы нұсқаулықты ӨТЕ МҰҚИЯТ оқыңыз. Сіз тестілеуден **тек қана бір рет өте аласыз**. Егерде сіз оны екінші рет өтуге талпынып көрсеңіз – нәтижелеріңіз жойылады.

Тестілеуден өтудің тәртібі:

1. Тестілеуден тек қана арнайы тағайындалған күні ғана өтуге болады – 2020 жылғы 12 және 13 қазанда сағат 09.00-ден 11.00-ге дейін.
2. Осы нұсқаулықты көшіріп алыңыз және оны көз алдыңызда ұстаңыз – Сізге тестілеуден өтуге осылай жеңіл болады.
3. Тестілеуден өту үшін тестілеудің өзіңізге ыңғайлы тілін таңдаңыз – қазақ немесе орыс тілін.
4. Өзіңіздің жеке деректеріңізді дұрыс толтырыңыз. *«Жеке куәлік» тармағында өзіңіздің жеке куәлігіңіздің нөмірін (ИИН емес), өз ЖОО және институтыңызды көрсетіңіз. Мысалы: 036208629 – Satbayev University - ИКуИТ.*
5. Сұрақтарға жауап бергенде барынша мұқият болыңыз, себебі келесі сұраққа ауысқанда, сіздің алдыңғы сұраққа оралуға мүмкіндігіңіз болмайды.
6. Тестілеудің ұзақтылығы – **60 минуттан аспайды**. Аталған уақытты асырған жағдайда **Сіздің нәтиженіз жойылады**.

Психологиялық тест екі бөлімнен құралған.

**БІРІНШІ БӨЛІМ**

Бірінші бөлімде 102 сұрақ. Тестінің бірінші бөлімін орындағанда, сұрақты оқыңыз, «ИӨ» немесе «ЖОҚ» жауабын таңдаңыз және «Келесі сұрақ» кнопкасын басыңыз. Тестінің бірінші бөлімін аяқтағаннан кейін «Келесі тестіге өту» кнопкасын басыңыз.

Жауапқа өте көп ойланбаңыз – әрбір сұраққа жауап уақыты шектелген. Егерде сіз оны асырсаңыз – тестілеу есепке алынбайды.

**ЕКІНШІ БӨЛІМ**

Екінші бөлімде – 75 сұрақ.

Тестілеудің екінші бөлімінің сұрақтарына жауап беру тәртібінің нұсқаулығын оқыңыз, одан кейін «одан әрі» кнопкасын басыңыз.

Екінші бөлімнің сұрақтарына қалай жауап беру керек?

1. Сізге мағынасы бойынша қарама-қарсы пікір білдіруден құралған тестілеу ұсынылады. Әрбір пікір білдіру Сіздің жеке басыңыздың ең маңызды қасиет-қабілеттерін және кейбір өмірлік жағдайлардағы мінез-құлқыңыздың ерекшеліктерін айқындайды. Тестіде дұрыс немесе дұрыс емес пікір білдіру жоқ.

Сондықтан барынша шынайы ашық болыңыз, Сіздің басыңызға бірінші болып келген бағаны беріңіз. Шынай болмау, Сізге жағымсыз нәтижелерге әкелетінін біліңіз.

Барлық пікір білдірулер бағалау шкаласымен бөлінген. Баға берердің алдында екі пікір білдіруді де мұқият оқыңыз, оның ішінде қайсысы Сіздің жеке басыңыздың ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Егерде Сіз сол жағы дұрыс деп есептесеңіз, онда бағалау үшін «-2» немесе «-1» санын белгілеңіз, егерде Сіз оң жағы дұрыс деп есептесеңіз, онда бағалау үшін «2» немесе «1» санын белгілеңіз. Сіз сандармен бағаланатын пікір білдіру лебізінің деңгейін көрсетесіз: «-2» және «2» - күшті көрсетілген, «-2» және «2» - нашар көрсетілген. Егерде Сіз пікір білдіру, Сіздің жеке басыңыздың ерекшеліктеріне сәйкестігіне күмәнді болсаңыз, онда «0» санын белгілеңіз. Бағалағанда мұқият болыңыз.

Соңғы сұраққа жауап бергеннен кейін «Тест аяқталсын» кнопкасын басыңыз.

Осыдан кейін Сіздің нәтижеңіз сақталады, бірақ оған рұқсат тек қана қабылдау комиссиясы мүшелерінде болады.

Сұрақтарға барынша шынайы жауап беріңіз, Сіздің басыңызға бірінші болып келген табиғи шын жауапты беріңіз. «Жақсы» немесе «жаман» жауаптың жоқ екенін есте сақтаңыз.

Психологиялық тестілеуді тапсыру, ол Сіздің моральдық және іскерлік қабілеттеріңіздің әскери кәсіпке сәйкестік деңгейіңізді анықтауға бағытталған. Сонымен қатар Сіздің резервтік мүмкіндіктеріңіз және кәсіби-жеке потенциалыңыздың деңгейі анықталады.

Компьютерлік психологиялық тестілеудің нәтижелері апелляцияға жатпайды және түсініктеме берілмейді, себебі ол оқуға түсішінің жеке мінездемелерін сипаттайды.

***СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ!***